



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 30 наурыз

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші судья А.А. Дронов,
баяндаушы судья А.Б. Кишкембаев,
судьядар Э.В. Айриян, Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев,
А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, Н.В. Павлова,
А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы А.Б. Алпысбайдың қатысуымен,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46-47, 68-69, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы Консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) және Шартқа № 19 қосымша болып табылатын Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) Комиссияның өз бастамасы бойынша бәсекелестіктің жай-күйіне бағалау жүргізу кезінде трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларды осындай талаптарды орындамағаны үшін Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына сәйкес жауаптылыққа тарту өкілеттіктеріне қатысты ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

2. Өтініш беруші Шарттың 76-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, Комиссия жүзеге асыратынын атап өтеді. Ұқсас норма Хаттаманың 9-тармағында бекітілген. Осылайша, Комиссия трансшекаралық нарықтардағы (қары нарықтарын қоспағанда) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу мәселелері бойынша оған мүше мемлекеттер берген және Шартта бекітілген айрықша өкілеттіктерді иеленеді. Бұл ретте бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу бойынша өкілеттіктерді Комиссия келіп түскен өтініштер (материалдар) негізінде де, өз бастамасы бойынша да жүзеге асырады.

Комиссия Хаттаманың 10-тармағының 1 – 3-тармақшаларына сәйкес бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау бойынша өкілеттіктерді Комиссия Кеңесінің шешімдерімен бекітілетін белгілі бір тәртіпте іске асырады.

Хаттаманың 13-тармағының бірінші абзацында өтінішті қарау, тергеп-тексеруді жүргізу, істі қарау, алдын ала ескерту жасау туралы мәселені қарау кезінде Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі мүше мемлекеттердің мемлекеттік билі органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдарынан немесе ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты сұрататыны белгіленген.

Бұл ретте осы тармақтың екінші абзацында сұрау салу адресаттарының Комиссияның сұрау салуы бойынша белгіленген мерзімде өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес Комиссияға қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді, түсіндірмелерді беру міндеті белгіленген. Осы міндеттерді орындамау жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға айыппұл түрінде жауапкершілік шараларын қолдануға алып келеді (Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасы).

Комиссияның қажетті ақпаратты сұрату құқығы туралы ұқсас нормалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының

бұзылуы туралы өтініштерді (материалдарды) қарау, тергеп-тексеруді жүргізу және осындай бұзушылықтар туралы істерді қарау тәртібін регламенттейтін құқықтық актілерінде де бекітілген.

3. Өтініш беруші сонымен қатар Комиссия Хаттаманың 10-тармағының 3-тармақшасына сәйкес өз бастамасы бойынша бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы іс қозғауы мүмкін екендігін көрсетеді.

Бұл ретте бәсекелестікті қорғау саласындағы Комиссияның бақылау өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) бекітілді, ол 2-тармақтың «б» тармақшасына сәйкес, басқалармен қатар, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері бойынша тергеп-тексеру жүргізу және іс қозғау туралы шешім қабылдаудың алдындағы кезеңде қолданылады.

4. Өтініш беруші Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасының нормасына сілтеме жасай отырып, Комиссияның ақпаратты, оның ішінде трансшекаралық трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құпия ақпаратты сұрату және алу өкілеттігі бақылау функцияларын жүзеге асырудың белгілі бір сатысымен байланысты болмағандықтан, әмбебап сипатты иеленеді деп болжайды.

Бұған қоса, Хаттаманың 16-тармағының мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны, уақытылы бермегені не көрінеу анық емес бергені үшін жауапкершілігі туралы нормалары жалпы сипатқа ие және өтінішті қарау, тергеп-тексеруді жүргізу немесе істерді қарау сатыларында оларды қолдануды көрсетпей тұжырымдалған.

Өтініш берушінің пікірінше, жоғарыда айтылғандар Комиссия бәсекелестікті қорғау саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде тергеп-тексеруді жүргізу басталғанға дейін бастамашылық тәртіпте (өтініштер (материалдар) болмаған кезде) бәсекелестіктің жай-күйін бағалауды жүргізу үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы деп болжауға негіз болады.

5. Комиссияның қажетті ақпаратты сұрату өкілеттігі және оған белгілі бір адамдар тобының осындай ақпараттық белгіленген мерзімде ұсыну міндеті өтінішті қарау, тергеп-тексеруді жүргізу, істі қарау, алдын ала ескерту жасау туралы мәселені қарау кезінде Хаттаманың 13-тармағында көзделетінін ескере отырып, өтініш беруші түсіндіруді сұрайды:

1) Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасының және Шарттың 76-бабының 7-тармағының ережелері (олардың жүйелі өзара

байланысында) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдары мен ұйымдары, заңды және жеке тұлғалары Комиссияның сұрау салуы бойынша оның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өз функциясын іске асыру үшін қажетті Комиссия сұратқан ақпаратты өз бастамасы бойынша Әдістемеге сәйкес бәсекелестіктің жай-күйін бағалауды жүргізу кезінде ұсынуға міндетті дегенді білдіре ме?

2) Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасының, 16-тармағының және Шарттың 76-бабының 7-тармағының ережелері (оларды жүйелі қолдану кезінде), Хаттаманың 13-тармағының талаптарын ескере отырып, Комиссияға мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбағаны, уақытылы бермегені, сондай-ақ көрінеу анық емес мәліметтерді (ақпаратты) бергені үшін Комиссия заңды және жеке тұлғаларды Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына сәйкес жауапқа тартуы (айыппұл салу) мүмкін дегенді білдіре ме?

II. Соттағы рәсім

6. Соттың Үлкен алқасының 2026 жылғы 4 ақпандағы қаулысымен өтініш іс жүргізуге қабылданды.

7. Шарттың № 2 қосымшасы болып табылатын Сот Статутының (бұдан әрі – Статут) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ сотының Регламентімен (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

8. Регламенттің 75-бабы тәртібінде істі қарауға дайындық шеңберінде Одаққа мүше мемлекеттердің жоғары сот инстанцияларынан, уәкілетті мемлекеттік органдарынан, ғылыми мекемелерінен, сондай-ақ кәсіпкерлердің мүддесін ұсынатын ұйымдардан қосымша мәліметтер мен пікірлер сұратылды.

Соттың Үлкен алқасы Комиссия ұсынған материалдарды және Соттың сұрау салуына Армения Республикасының Конституциялық Сотынан, Беларусь Республикасының Конституциялық Сотынан, Қырғыз Республикасының Конституциялық Сотынан, Ресей Федерациясының Конституциялық Сотынан, Армения Республикасының Кассациялық Сотынан, Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотынан, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Сотынан, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотынан, Беларусь Республикасының Экономика министрлігінен, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінен, Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігінен,

Ресей Федерациясының Бас прокуратурасынан, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінен, Ресей Федерациясының Федералдық монополияға қарсы қызметінен, Армения өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағынан, «БСП-пром» Республикалық бизнес және жалдаушылар қауымдастығынан (Беларусь Республикасы), Республикалық өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағынан (Беларусь Республикасы), «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, Ресей өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағынан, Беларусь Республикасының Ұлттық заңнама және құқықтық ақпарат орталығынан, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтынан, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан келіп түскен жауаптарды қарады.

III. Соттың Үлкен алқасының қорытындылары

9. Сот Статутының 46-тармағына сәйкес Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады. Соттың түсініктеме беруді жүзеге асыруы Консультативтік қорытынды беруін білдіреді және мүше мемлекеттерді халықаралық шарттарды бірлесіп түсіндіру құқығынан айырмайды (Статуттың 47-тармағы).

Халықаралық шарттардың және Одақ құқығын құрайтын актілердің ережелерін түсіндіру Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің нақты ережелерінің мазмұнын ашудан және мағынасын анықтаудан тұрады.

Өтініштің дәлелдерін назарға ала отырып, осы іс бойынша Шарттың 76-бабы 7-тармағының, Хаттаманың 10-тармағы 7-тармақшасының, 13 және 16-тармақтарының ережелері Комиссияның өз бастамасы бойынша трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйін бағалау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде олардың қолданылу аспектісінде жүйелі өзара байланыста түсіндірілуге жатады.

10. Соттың Үлкен алқасы Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын, Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және мүше мемлекеттер қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттарды, Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін қолдана отырып, Шарттың ережелерін түсіндіруді жүзеге асырады.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) «Түсіндірудің жалпы қағидасы» 31-бабына сәйкес халықаралық шарт шарттың

терминдеріне олардың контексінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілуі қажет әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

11. Шарттың 1-бабына сәйкес, ЕАЭО оның шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етілетін өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде құрылған.

Бұл ретте трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікті қорғау саласындағы қағидалар Одақтың құқығымен регламенттелген және бірыңғай саясат саласына жатқызылған, бұл Шарттың 2-бабына сәйкес біріздендірілген құқықтық реттеудің болуын білдіреді (№ Р-1/17 іс бойынша 2017 жылғы 4 сәуірдегі Консультативтік қорытындының 1-тармағы).

12. Шарттың 8-бабының 2-тармағында Одақ органдары Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейтіні көзделген.

Шарттың 18-бабының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО органы болып табылатын Комиссияның өкілеттіктері Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес айқындалады. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 3-тармағына сәйкес Комиссия өз қызметін Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өкілеттіктер шегінде, бәсекелестік саясатты қоса алғанда, тиісті салаларда жүзеге асырады.

Статуттың 42-тармағына сәйкес Одақ органдарына Шартта және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделгеннен бөлек қосымша құзыреттер беру Соттың құзыретіне кірмейді.

13. Шарттың 76-бабының 7-тармағына сәйкес Комиссия Шартқа № 19 қосымшада көзделген тәртіппен Шартта айқындалған жағдайларда Шарттың XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу құқығын иеленеді.

Аталған қосымша оның 10-тармағында трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезіндегі Комиссияның өкілеттіктері регламенттелген (мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жолын кесу жүзеге асырылатын трансшекаралық қаржы нарықтарындағы бәсекелестікке теріс әсер ететін бұзушылықтарды қоспағанда) Хаттама нысанында қабылданды.

Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасына сәйкес Комиссияға мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, олардың функцияларын жүзеге асыратын өзге де органдары мен ұйымдарынан, заңды және жеке тұлғалардан ақпаратты, оның ішінде трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті құпия ақпаратты сұрату және алу өкілеттіктері берілген.

Мұндай өкілеттіктер Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы: «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібі туралы» № 97, «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуын тергеп-тексеруді жүргізу тәртібі туралы» №98 және «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы істерді қарау тәртібі туралы» № 99 шешімдерінде бекітілген, сондай-ақ бұрын Сот практикасында расталған болатын (№ С-6/23 іс бойынша 2023 жылғы 26 қыркүйектегі Сот Алқасы шешімінің 5.6-тармағы; № С-7/23 іс бойынша 2024 жылғы 5 ақпандағы Сот Алқасы шешімінің 5.3-тармағы).

Сонымен қатар, Хаттаманың III бөлімінің («Бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау») және Хаттаманың 11-тармағына сәйкес қабылданған құқықтық актілердің ережелерін талдау Комиссияның бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерін ол Монополияға қарсы реттеу департаменті, істі қарау жөніндегі комиссия, Комиссия Алқасының мүшесі және Комиссия Алқасы тиісті сатыларда жүзеге асыратын бақылаудың регламенттелген тетіктері шеңберінде мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне (нарық субъектілеріне), сондай-ақ жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарына қатысты іске асыратынын көрсетеді (№ С-4/23 іс бойынша 2023 жылғы 15 маусымдағы Сот Алқасы шешімінің 5.2-тармағы).

Бұл ретте Комиссияның тиісті өкілеттіктерін құқықтық регламенттеу бақылауды жүзеге асыру сатыларын ескере отырып, ерекшеліктерді иеленеді.

2023 жылғы 25 мамырда жасалған 2014 жылғы 26 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың 1-бабының 13-тармағымен Хаттаманың 13-тармағының бірінші абзацы мұндай жағдайда тиісті сұрау салу Комиссияның атынан жіберілген деп есептелетінін көрсете отырып, толықтырылды.

Комиссияның сұрау салуларын орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтың басталуын көздейтін арнайы норманың (Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасы) болуын ескере

отырып, оның өзге сатыларға және/немесе бақылау тетіктеріне, оның ішінде Комиссия өз бастамасы бойынша жүргізетін бәсекелестіктің жай-күйін бағалауға қатысты қолданылуының таралуы Одақ құқығының нормаларына сәйкес келмейді және Хаттаманың 16-тармағында көзделген адамдардың кең ауқымының құқықтарын шектеуге әкеп соғуы мүмкін.

14. Комиссияның Хаттаманың 10-тармағының 7-тармақшасында көзделген ақпаратты сұрату құқығы оны беру міндеттілігімен байланыстырылатыны туралы өтініштің дәлелдерін қарай отырып, Соттың Үлкен алқасы оның құрылымының мазмұндық элементі болып табылатын құқықтық қатынастар тараптарының субъективті құқықтары мен міндеттері мәжбүрлеу шараларымен әрдайым қамтамасыз етілмейтінін атап көрсетеді.

Құқықтық міндеттерді жүктеу және олардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған мәжбүрлеу шараларын (оның ішінде айыппұл түріндегі санкцияларды) қолдану мәселелері Шартта немесе Одақ шеңберіндегі өзге де халықаралық шарттарда тікелей және тиянақты шешілуі тиіс.

Құқыққа қайшылықты айқындау және жауапкершілікті жүктеу қағидаты құқық үстемдігінің базалық талабы ретінде қазіргі заманғы мемлекеттік-құқықтық жүйелердің көпшілігінде имплементацияланған құқықтық норма (*nulla poena sine lege certa*) негізінде ғана Одаққа мүше мемлекеттердің барлығы қатысушысы болып табылатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 15-бабында, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған) 11-бабының 2-тармағында бекітілген.

Заңды және жеке тұлғалардың мәліметтерді (ақпаратты) Комиссияға бермеуі немесе уақтылы бермеуі, сол сияқты Комиссияға көрінеу анық емес мәліметтерді (ақпаратты) беруі үшін жауапкершілігі Хаттаманың құқық бұзушылықтың объективті тарапы Комиссияның қандай сұрау салуларын орындамағаны не тиісінше орындамағаны туралы айқын тұжырымдалған нұсқауды қамтылмайтын 16-тармағының 5-тармақшасында көзделген. Соттың Үлкен алқасы осы мән-жайды бағалау кезінде Хаттаманың 13-тармағының Комиссияның сұрау салулары ретінде сұрау салудың жекелеген түрлерін айқындайтын нормасын, сондай-ақ Хаттамада Комиссияның Хаттаманың 10-тармағының 4-тармақшасында бекітілген ақпаратты сұрату және алу құқығын іске асыру тетігінің болмауын ескереді.

Комиссияның өз бастамасы бойынша бәсекелестіктің жай-күйіне бағалау жүргізуіне байланысты сұрау салуын орындамау не тиісінше орындамау адресат үшін Хаттаманың 16-тармағында көзделген

жауапкершілікке (айыппұл) әкеп соқпайды, алайда өзге де – мысалы, Комиссияның бастамасы бойынша бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуын тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдауға байланысты салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін.

15. Соттың Үлкен алқасы монополияға қарсы заңнаманы бұзудың ықтимал белгілерін өз бетінше анықтау құқығы барлық мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында монополияға қарсы органдарға бекітілгенін атап көрсетеді. Комиссияның осыған ұқсас өкілеттігі Хаттаманың 10-тармағының 2-тармақшасында, сондай-ақ ол бойынша Комиссия өз бастамасы бойынша Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы тергеп-тексеру жүргізуді бастағанға дейін өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында қолданылатын Әдістеменің 2-тармағының «б» тармақшасында көрініс тапты.

Сонымен қатар, өтініштің дәлелдері Әдістеменің көрсетілген нормасына сілтеме жасай отырып, Шарттың 6-бабының 3-тармағында белгіленген Одақ құқығы актілерінің иерархиясын ескере отырып бағалауға жатады. Соттың Үлкен алқасы осы іс шеңберінде Әдістеменің Шартқа сәйкестігі мәселелерін қарастырмай, оның Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 115 шешімімен Комиссияның тергеп-тексеру жүргізуді бастағанға дейін өз бастамасы бойынша іске асыратын өкілеттіктеріне қатысты қолданылуы Шарт пен Хаттаманың ережелерін түсіндіру үшін негіз бола алмайтынын атап көрсетеді.

16. Жоғарыда айтылғандар негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсіндіруді ұсынады:

Одақтың құқығы Комиссияның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде өз бастамасы бойынша бәсекелестіктің жай-күйіне бағалау жүргізу кезінде тиісті сұрау салуларды жіберу өкілеттігін шектемейді.

Сонымен бірге Шарттың 76-бабы 7-тармағының, Хаттаманың 13-тармағының талаптарын ескере отырып, Хаттаманың 10-тармағы 7-тармақшасының, 16-тармағының ережелері (оларды жүйелі қолдану кезінде) Комиссияға мәліметтерді (ақпаратты) бермегені, уақтылы бермегені үшін Комиссия заңды және жеке тұлғаларды – осындай мәліметтерді (ақпаратты) беру Одақ құқығымен міндет ретінде есептелетін жағдайда – өтінішті қарау, тергеп-тексеруді жүргізу, істі қарау, алдын ала ескерту жасау туралы мәселені қарау шеңберінде ғана Хаттаманың 16-тармағының 5-тармақшасына сәйкес жауапқа тартуы (айыппұл салу) мүмкін екенін білдіреді.

IV. Қорытынды ережелер

17. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

18. Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян